



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 28 тамыз – 4 қыркүйек аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы 7 қыркүйек

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 4 қыркүйекте теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,2%-ға (420,11-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 420,76 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 28 тамыз – 4 қыркүйек аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. АҚШ-тың бірқатар оң макроэкономикалық деректерінің шығуы доллар бағамының жағандық нығаюына себепші болды: тамызда іскерлік белсенділік индексі 56 тармаққа дейін өсті, жұмыссыздық 8,3%-ға дейін төмендеді, ауыл шаруашылығына жатпайтын секторда жұмыс орындарының саны 1,37 миллионға ұлғайды. ЕОБ өкілдері ақша-кредит саясаты үшін айырбастау бағамы «маңызды» деп атап, еуро бағамының нығаюына алаңдаушылық танытуда. ЕО-дағы бөлшек сату шілдеде кейінге қалдырылған сұраныс әсерінің аяқталуы аясында 1,3%-ға а/а төмендеді. Еңбек нарығын қалпына келтірудің баяулау себебі бойынша алаңдаушылық аясында АҚШ-тың қор индекстері біршама теріс түзетуді көрсетті.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Бразилия реалы** өнеркәсіптік өндірістің шілдеде – үш ай қатарынан 8%-ға а/а өсуі аясында 1,7%-ға (5,39-дан 5,3-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** елге ақша аударымдарының ұлғаюы туралы деректер аясында – Мексика азаматтары шілдеде АҚШ-тан \$3,53 млрд (+7,2% ж/ж) жіберіп, 1%-ға (21,76-дан 21,55-ке дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** ОБ реттеуші рупийдің нығаюына жол беретіні туралы әлеуетті атап өтіп, ұлттық валютаның айырбастау бағамының артуы импорт инфляциясын тежеуге әсер ететіні туралы түсіндірмелері аясында 0,4%-ға (73,4-тен 73,14-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** 16,6 деңгейінде қалып, бір апта ішінде өзгерген жоқ;
- **Индонезия рупиясы** Үкіметтің реттеушіні қадағалауын күшейту жөніндегі жоспарларына байланысты ОБ тәуелсіздігінің ықтимал төмендеуіне қатысты инвесторлардың алаңдаушылығы аясында 0,8%-ға (14 632-ден 14 750-ге дейін) әлсіреді. Ел Президенті Үкімет ОБ-ға 2022 жылға дейін бюджет тапшылығын қаржыландыруға тікелей қолдау көрсетуге өтініш жасай алады деп мәлімдеді;
- **түрік лирасы** алтын импортының өсуіне байланысты тамызда соңғы екі жылдағы рекордтық сауда тапшылығы туралы мәліметтер аясында 1,5%-ға (7,33-тен 7,44-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** А. Навальныйдың ұлануына байланысты санкциялық тәуекелдердің өсуі аясында 1,9%-ға (74,03-тен 75,43-ке дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылдың басынан бастап 2020 жылғы 04 қыркүйек аралағында)



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылғы 28 тамыз - 04 қыркүйек аралағында)



Дамушы елдер валютасының серпіні (2020 жылғы 21 тамыз =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпарат БАҚ өкілдері үшін мына телефон арқылы қолжетімді:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz